

Бұқаралық ақпаратты таратудағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 17 қаңтар N 36

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 20 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Бұқаралық ақпаратты таратудағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Бұқаралық ақпаратты таратудағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталған Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

осы Келісімге халықтар мен қатысушы-мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға, бірыңғай (жалпы) ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға ұмтыла отырып,

ақпаратқа және оның кең таралуына еркін және тең құқықты байланыс жасауға өзінің бейілділігін растай отырып,

мемлекеттердің егеменді құқықтарын құрметтей және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпаушылық принципін қолдай отырып,

1998 жылғы 28 сәуірдегі Мемлекетаралық Кеңестің шешімімен қабылданған "қарапайым адамдарға қарсы қарапайым оң қадам туралы" Мәлімдемені, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы Шартты және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастығын (бұдан әрі - ЕурАз ЭҚ) бекіту туралы Шартты басшылыққа ала отырып,

1992 жылғы 9 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді, 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің мерзімді баспасөз саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді және 1996 жылғы 18 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ақпарат кеңістігін қалыптастыру Тұжырымдамасының ережелерін назарға ала отырып,

1948 жылғы 10 желтоқсандағы жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясының ережелерінен, 1975 жылғы 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің қорытынды актісінен соң,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттері халықтарының өмірі туралы білімдерін одан әрі тереңдету мақсатында бұқаралық ақпараттың өзара кең және еркін таралуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік туғызады.

2-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдары арасында, сондай-ақ ақпарат саласында жұмыс істейтін тиісті мемлекеттік басқару органдары мен ұйымдары арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты қуаттайды, қолдайды, жетілдіреді. Олардың ынтымақтастығының нақты шарттары мен нысандарын уағдаластық бойынша немесе жеке келісімдер жасасу жолымен оның тікелей қатысушылары белгілейтін болады.

3-бап

Тараптардың әрқайсысы өзара негізде осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің тіркелген өкілдеріне және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктеріне ақпараттық материалдарды, телевизиялық репортаждарды дайындау кезінде іскерлік байланыстар орнатуға жәрдемді қоса алғанда, олардың өз кәсіптік міндеттерін орындауға көмек көрсетеді.

Осы баптың ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар жеке келісім жасасады.

4-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдеріне өз мемлекеттері азаматтарының еркін және тең құқықты қол жеткізуіне кепілдік береді.

Тараптар осы мақсатпен Тараптар мемлекеттерінің заңнама талаптарына қайшы келмесе, осындай өнімдерді құрайтын мәліметтер мен материалдарды таратқан жағдайда өз мемлекеттерінің аумағында аталған өнімдердің таралуына кедергі келтірмейді.

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің дипломатиялық және өзге де ресми өкілдіктерінің хабарлары мен ақпараттарын таратуға кедергі келтірмейді.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес өз мемлекеттерінің аумағында құрылған және бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін шығарумен және таратумен айналысатын бірлескен құрылымдардың қызметіне қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік туғызады.

6-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатымен тиісті бағдарламалар мен жобалар әзірленуде және жүзеге асырылуда.

Осы Келісімнің нысанасымен байланысты бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру Тараптардың қосымша шарттарымен ресімделеді.

7-бап

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде қажетіне қарай тиісті мемлекеттік органдар басшыларының кездесулерін қоса алғанда, (әрбір Келісімге қатысушы-мемлекетте кезекпен) ақпарат саласында әрекеттегі басқа да ұйымдар өкілдерінің қатысуымен ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алмасу өткізеді.

Қажет кезінде осы Келісімді орындау жөнінде өзара іс-қимылды үйлестіру үшін тиісті мемлекеттік органдардың өкілдерінен, сондай-ақ ақпарат саласында әрекеттегі кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерінен жұмысшы топтары құрылады.

Көрсетілген кездесулерді өткізуге арналған шығындарды қабылдайтын мемлекеттің мемлекеттік органдары өтейді. Тиісті мемлекеттік органдардың басшылары мен өкілдерін іссапарға жіберу жөніндегі шығындарды көрсетілген органдар дербес өтейді, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерін іссапарға жіберу жөніндегі шығындарды жіберетін кәсіпорындар мен ұйымдар дербес өтейді.

8-бап

Тараптар бұқаралық ақпаратпен еркін алмасуды қамтамасыз етуге бағытталған қажетті шараларды қолданады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдеріне қосылған құнға салық салу тәртібі, сондай-ақ Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында өзара сауда да полиграфиялық материалдар мен жабдықтар егер Тараптар мемлекеттерінің халықаралық шарттарымен өзгеше көзделмесе, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен белгіленеді.

9-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында Келісімге қатысушы- мемлекеттер халықтарының тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде олардың ұлттық-мәдени ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

10-бап

Тараптар бұқаралық ақпарат саласында кадрлар дайындауға өзара көмек көрсетеді және білім беру және ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты қолдайды.

11-бап

Тараптар ақпарат саласында мамандар алмасуды, олардың кәсіптік ұйымдарымен ынтымақтастықты қолдайды, Тараптар мемлекеттері аумағында өткізілетін және осы Келісім нысанымен байланысты бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, жәрмеңкелерге, көрмелерге, семинарларға, симпозиумдарға және басқа да іс-шараларға қатысуға өз мемлекеттерінің мамандары мен ұйымдарын тартуға көмектеседі.

12-бап

Тараптар бұқаралық ақпарат құралдарының жұмыс істеуі үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау мақсатымен бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін таратумен айналысатын

ұйымдардың қызметін қаржылық реттеу бөлігінде, осы Келісімнің нысанасымен, соның ішінде салық, кеден, валютамен байланысты салаларда өз мемлекеттерінің заңнамаларын жақындату жөнінде шаралар қолданады.

13-бап

Осы заңнама Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіру және орындау кезінде дау туындаған жағдайда олар Тараптар белгілейтін құзыретті органдар арасында келіссөз немесе консультация арқылы шешіледі.

15-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін оған оның мақсаттары мен принциптерін мойындайтын басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

16-бап

Келісімге қатысушы болып табылмайтын Тараптар 1950 жылғы 22 қарашадағы білім беру, ғылыми және мәдени сипаттағы материалдарды әкелу туралы және 1976 жылғы 26 қарашадағы оның Хаттамасын өз мемлекеттерінің аталған құжаттарға қосылуы туралы мәселені қарайды.

17-бап

Осы Келісім ішкі мемлекеттік рәсімдер үшін қажет соңғы хабарламаны Тараптардың орындағаны туралы депозитарийі Еуразия экономикалық қоғамдастығының интеграциялық Комитеті алған күннен бастап күшіне енеді.

Қосылатын мемлекет үшін Осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

18-бап

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп осы Келісімнен шыға алады. Келісімнің іс-әрекеті осындай Тараптар үшін депозитарий тиісті хабарламаны алған күннен алты ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Тараптардың біріне қатысты Осы Келісімнің іс-әрекетінің тоқтатылуы жүзеге асырылуы әлдеқашан басталған бағдарламалар мен жобаларға әсер етпейді, сондай-ақ оның негізінде жасалған шарттар мен келісімдердің іс-әрекетін қозғамайды.

19-бап

Тараптар өзара келісім бойынша Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен рәсімделеді және белгіленген тәртіппен осы Келісімнің 17-бабына сәйкес күшіне енеді.

2002 жылы 20 қыркүйекте Астана қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада
ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол куәландырылған көшірмені оған қол қойған мемлекетке жібереді.

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

*Тәжікстан
Үкіметі үшін*

Республикасының